



Қазақстан Республикасының ғылым және білім беру министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Қылмыстық құқық және қылмыснама кафедрасы

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы пәні бойынша
«050301- Құқықтану» бакалавр мамандығының студенттеріне арналған

ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекеттік жалпыға міндетті
мамандықтың білім стандарты
мен типтік бағдарлама
негізінде әзірленген
пәннің жұмыс бағдарламасына
бекіту парағы



Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.1/06

БЕКІТЕМІН

ОІ жөніндегі проректоры

_____ Пфейфер Н.Э

200__ж. «___» _____

Құрастырушы: аға оқытушы Е.Б.Ахметов _____

Қылмыстық құқық пен қылмыснама кафедрасы

ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы» пәні бойынша
«050301- Құқықтану» бакалавриат мамандығы

Жұмыс бағдарламасы мемлекеттік жалпыға міндетті мамандық стандарты
3.08.279-2006 және типтік бағдарлама негізінде әзірленген РОӘК 2006 жылдың
22 – маусымдағы хаттамалық шешімімен бекітілген.

Кафедра отырысында ұсынылған, 200__ж. _____ «___» № _____ хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ С.Т. Иксатова

Тарих және құқық факультетінің әдістемелік кеңесімен құпталаған,
200__ж. _____ «___» № хаттама

ОӘК төрайымы _____ Н.И.Мошна

КЕЛІСІЛДІ

Факультет деканы _____ А.А.Акишев 200__ж _____ «___» күні

Ж ж ӘҚБ ҚҰПТАЛДЫ

Ж ж ӘҚБ бастығы _____ А.А.Варакута, 200__ж. «___» _____

1.Пәннің мақсаттары мен міндеттері

1.1Пәнді оқу мақсаты:

студенттердің қылмыстық іс жүргізу туралы,алдын-ала тергеу органдарының қызметі туралы, прокаратура және сот туралы жүйелендірілген ой қалыптастыру;;

қылмыстық іс жүргізу қызметіне байланысты барлық сұоақтарға жауап беретін қылмыстық іс жүргізу құқығы ғылымының теориялық жағдайын білу;

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодекс нормаларын тәжірбиелі қолдану үшін тәжірбиелік үйрену;

тергеу мәселелерін және мән-жайларын дұрыс щешу үшін студенттердің қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту.

1.2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы пәнің оқыту мәселелері:

қылмыстық сот өндірісі сұрақтары бойынша терең білімдер алу;

Заң күші бар Қылмыстық іс жүргізу заңнамасын білу;

студенттер қылмыстық сот өндірісінің мәнің жіне мәселелерін білуі керек, қылмыстық іс жүргізу қағидалар негізін, дәлелдемелер теориясын, сотқа дейінгі іс бойынша іс жүргізу тәртібін, ақпаратты тексеру өндірісінен бастап, дайындалып жатқан және жасалған қылмыс және қылмыстық іс қозғалуы туралы, сот талқылауы туралы, апелляциялық және кассациялық сот сатыларындағы істі қарау және үкімнің орындалуы туралы, жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау, қылмыстық істердің жеке категориялары бойынша іс жүргізу негіздері туралы дұрыс ой қалыптастыру;

соттық-тергеу мәселелерін шешуге үйрету.

1.3 «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқық» курсың оқу нәтижесінде студенттің білуі керек:

Қылмыстық іс жүргізу құқық теориясының құрлымын және мазмұның, тергеуде немесе қылмыстық істі қарастыру кезінде қолданылатын қылмыстық іс жүргізу нормаларының әсері;

қылмыстық іс бойынша іс жүргізу мазмұны және тәртібі;

қылмыстық іс жүргізу актілерін құрастыру әдістері;

қылмыстықісті тергеу және қарастыру кезінде туындайтың кедергілерді шешу үшін қолданылатын қағидалар, ережелер,әдістер.

1.4Білу керек:

қылмыстық істі тергеу және қарастыруда қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларын қолдана білу;

қылмыстық іс жүргізу құжаттарын сауатты құруды білуі керек.

2Пререквизиты: Мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы, Қылмыснама, Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (ерекше бөлім).



3Пәннің мазмұны

3.1 ПӘНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ күндізгі оқу бөлімі

№ р/с	Тақырып атауы	Сағат саны			
		Дәр	Тәж	Зерт	СӨЖ
1	2	3	4	5	6
1	Қылмыстық іс жүргізу құқығының түсінігі, мәні, мағынасы	2	1		3
2	Қылмыстық іс жүргізу заңы және оның қайнар көздері	1	-		3
3	Қылмыстық іс жүргізу принциптері	1	1		3
4	Қылмыстық ізге түсу	1	-		3
5	Қылмыстық процеске қатысушылар	1	1		3
6	Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу	1	1		3
7	Қылмыстық іс жүргізудегі мүліктік мәселелер. Іс жүргізу мерзімдері	1	-		3
8	Ақтау. Қылмыстық іс жүргізуді жүргізуші органның заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу	1	-		3
9	Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1	-		3
10	Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысу мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайлар. Қарсылық білдіру және өтініш жасау	1	1		3
11	Қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдемелер теориясының негізгі ережелері	1	1		3
12	Қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеудің негіздері	1	1		3

13	Қылмыстық іс-жүргізушілік мәжбүрлеу институты	1	-		3
14	Қылмыстық істі қозғау сатысы	1	-		3
15	Алдын-ала тергеу жүргізудің жалпы шарттары	2	2		6
16	Айыпталушы ретінде жауапқа тарту	1	-		3
17	Алдын-ала тергеу сатысындағы тергеу іс-әрекеттері	2 2		6	
18	Алдын-ала тергеудің аяқталуы	1	1		3
19	Басты сот талқылауының жалпы шарттары. Соттылық	1	1		6
20	Басты сот талқылауын тағайындау.	1	1		3
21	Басты сот талқылауы	1	1		3
22	Соттың заңды күшіне енбеген үкімдерді мен қаулыларын қайта қарау	1	-		3
23	Соттың үкімдері мен қаулыларын орындау	1	-		3
24	Заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қарау өндірісі	1	-		3
25	Жанадан ашылағн мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау	1	-		3
26	Қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері	1	-		3
27	Қылмыстық іс жүргізудегі айырықша іс жүргізу	1	-		3
Барлығы		30	15	-	90



ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР					
сырттай оқу бөлімі					
№	Тақырып атауы	Сағат саны			
		Дәр	Тәж	Зерт	СӨЖ
1	2	3	4	5	6
1	Қылмыстық іс жүргізу құқығының түсінігі, мәні, мағынасы	-	-		4,5
2	Қылмыстық іс жүргізу заңы және оның қайнар көздері	-	-		4,5
3	Қылмыстық іс жүргізу принциптері	-	-		4,5
4	Қылмыстық іс жүргізу процесі	-	-	4,5	
5	Қылмыстық процеске қатысушылар	1	1		4,5
6	Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу	1	1		4,5
7	Қылмыстық іс жүргізудегі мүлктік мәселелер. Іс жүргізу мерзімдері	-	-		4,5
8	Ақтау. Қылмыстық іс жүргізуді жүргізуші органның заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу	-	-		4,5
9	Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету	-	-		4,5

10	Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысу мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайлар. Қарсылық білдіру және өтініш жасау	-	-		4,5
11	Қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдемелер теориясының негізгі ережелері	1	1		4,5
12	Қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеудің негіздері	-	-		4,5
13	Қылмыстық іс-жүргізушілік мәжбүрлеу институты	-	-		4,5
14	Қылмыстық істі қозғау сатысы	-	-		4,5
15	Алдын-ала тергеу жүргізудің жалпы шарттары	-	-		4,5
16	Айыпталушы ретінде жауапқа тарту	1	1		4,5
17	Алдын-ала тергеу сатысындағы тергеу іс-әрекеттері	1	1		4,5
18	Алдын-ала тергеудің аяқталуы	-	-		4,5
19	Басты сот талқылауының жалпы шарттары. Соттылық	1	1		4,5
20	Басты сот талқылауын тағайындау.	-	-		4,5
21	Басты сот талқылауы	-	-		4,5
22	Соттың заңды күшіне енбеген үкімдерді мен қаулыларын қайта қарау	-	-		4,5
23	Соттың үкімдері мен қаулыларын орындау	-	-		4,0
24	Заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қарау өндірісі	-	-		3,5
25	Жанадан ашылағн мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау	-	-		3,5
26	Қылмыстық іс-жүргізудің жекелеген санаттары бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері	-	-		3,5
27	Қылмыстық іс жүргізудегі айырықша іс жүргізу	-	-		3,5

БАРЛЫҒЫ	6	6	-	117
----------------	----------	----------	----------	------------

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1-тақырып Қылмыстық іс жүргізу құқығының түсінігі, мәні және мәселелері

Қылмыстық іс жүргізу құқығының ұғымы және оның құқықтық жүйесіндегі орны. Қылмыстық іс жүргізудің пәні, мақсаты, міндеттері мен мазмұны және оны құқықтық реттеу. Қылмыстық іс жүргізу құқығының жүйесі. Қылмыстық іс жүргізу құқығының басқа салалары және ғылыми пәндермен ара қатынасы. Қылмыстық іс жүргізудің түрлері.

Қылмыстық іс жүргізу және сот төрелігі. Қылмыстық іс жүргізу мемлекеттік қызметтің түрі ретінде. Қылмыстық іс жүргізу қызметтерінің құрылысы, оның сатылары. Қылмыстық іс жүргізу сатыларының дербестілігі мен өзара байланыстылығы.

Қылмыстық іс жүргізу құқықтық қатынастары: түсінігі, түрлері. Қылмыстық іс жүргізу нысанының түсінігі, түрлері. Қылмыстық іс жүргізу актілері: түсінігі, маңызы, түрлері. Тергеу және сот іс әрекеттерінің хаттамалары, олардың құқықтық мәні мен түрлері. Қылмыстық іс жүргізудегі іс жүргізушілік шешімдер түсінігі мен құқықтық негіздері. Шешімдердің заңдық және фактілі негіздері. Іс жүргізу шешімдерінде құқықтың басқа да салаларының нормаларын қолдану.

Семинар сабағының жоспары

- 1 Қылмыстық іс жүргізудің түсінігі және мәселелері
- 2 Қылмыстық іс жүргізу сатылары олардың түсінігі және мазмұны
- 3 Қылмыстық іс жүргізу қызметі және қылмыстық іс жүргізу құқық қатынастары түсінігі, мәні, мазмұны.
- 4 Қылмыстық іс жүргізу түрлері олардың түсінігі, мағынасы, мәні.
- 5 Қылмыстық іс жүргізу функциялары олардың түсінігі және түрлері.
- 6 Іс жүргізу кепілдіктері түсінігі және мағынасы.
- 7 Мселелерді шешу.

Бақылау сұрақтары:

- 1 «Қылмыстық іс жүргізу» түсінігіні мазмұнына қандай элементтер кіреді
- 2 «Қылмыстық іс жүргізу», «қылмыстық сот өндірісі», «әділеттік» түсініктерінің байланысы қандай?
- 3 Қандай негіздер бойынша қылмыстық іс жүргізу сатыларға бөлінеді?
- 4 Қылмыстық іс жүргізу құқық қатынастарының спецификасының бекітілуі неде?
- 5 Қылмыстық іс жүргізу түрлерінің сақталу талаптары неде?
- 6 Қылмыстық іс жүргізу ғылымын пәніне түсініктеме беру
- 7 Қылмыстық іс жүргізу актілерінің түрлерін атаңыз.

Әдебиеттер [1,2,3,4,5,55,56,58,59]

2-тақырып Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы

Қылмыстық іс жүргізу құқығының қайнар көздерінің ұғымы мен түрлері. Қазақстан Республикасының Конституциясы қылмыстық іс жүргізудің қайнар көзі ретінде. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасы, оның қалыптасуы мен дамуы. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі, оның міндеттері, жалпы сипаттамасы және құрылысы. Қылмыстық іс жүргізу заңнамаларын демократияландыру мен жетілдірудің басты бағыттары және оның 2002 жылғы Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты концепциясына сәйкес келуі. Қылмыстық сот ісін жүргізу мәселелеріне қатысты басқа да нормативтік құқықтық актілері.

Қылмыстық іс жүргізу нормалары, олардың түсініктері, негізгі белгілері, Қылмыстық іс жүргізу нормаларының негізгі түрлері. Қылмыстық іс жүргізу нормасының құрылымы.

Қылмыстық іс жүргізу заңының уақыт тұрғысында, кеңістікте және тұлғаларға қатысты қолданылуы.

Қылмыстық іс жүргізу заңының аналогия бойынша қолданылуы. Қылмыстық іс жүргізу реттеу механизмдерге сендіру, мәжбүрлеу және жауапкершілік. Қылмыстық сот ісін жүргізудің имандылық бастаулары.

Қылмыстық іс жүргізу кепілдіктерінің түсінігі, олардың маңызы мен түрлері. Қылмыстық іс жүргізу функциялары, олардың түрлері мен қарым қатынастары.

Семинар сабағының жоспары

- 1 Қылмыстық іс жүргізу құқығының қайнар көздерінің түсінігі және түрлері.
- 2 Қылмыстық іс жүргізу кодекс құрылымы. Басқа қылмыстық іс жүргізу заңы. Оның жалпы сипаттамасы.
- 3 Қылмыстық іс жүргізу нормаларының құрлымы және түрлері.
- 4 Қылмыстық іс жүргізу заңының уақыт бойынша қолданылуы.
- 5 Қылмыстық іс жүргізу заңының кеңістікте қолданылуы.
- 6 Қылмыстық іс жүргізу заңының тұлғалар бойынша қолданылуы.

7 Мәселелрді шешу.

Бақылау сұрақтары:

1 «Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы» терминінің мазмұның қандай нормативтік құқықтық актілер құрайды?

2 Қылмыстық іс жүргізу заңының уақыт бойынша қолданылу астарында не түсіндіріледі?

3 1958 ж. Женева конвенциясына қатысты континенталдық шельф өзіне нені құрайды?

4 Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттің қылмыстық іс жүргізу құқығын қандай жағдайларда қолданылуы мүмкін?

Әдебиеттер[1,2,3,4,5,6,7,8,9,55]

3-тақырып Қылмыстық іс жүргізу принциптері

Қылымыстық іс жүргізу принциптерінің ұғымы мен маңызы. Қылмыстық сот ісін жүргізу принциптерінің жүйесі. Қылмыстық іс жүргізу принциптері мен міндеттері арасындағы қарым қатынас. Принциптердің жүйесі – қылмыстық сот ісін жүргізуді дамытудың методологиялық негізі ретінде.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген қылмыстық іс жүргізудің принциптері. Қылмыстық іс жүргізу кодексінде бекітілген принциптері мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау. Жеке адамның абыройы мен мен қадір-қасиетін құрметтеу. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Жеке өмірге қол сұғыспаушылық. Хат жазудың, телефон арқылы сөйлесудің, почта, телеграф және өзге де хабарлар құпиясы. Тұрғын үйге қол сұғылмаушылық. Меншікке қол сұғылмаушылық. Кінәсіздік презумциясы. Қайта соттауға және қылмыстық ізге түсуге жол бермеу. Сот әділдігін заң мен сот алдындағы теңдік негіздеріндегі жүзеге асыру. Судьялардың тәуелсіздігі. Сот ісін жүргізудегі тараптардың мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыру. Судьялардың тәуелсіздігі. Сот ісін жүргізудегі тараптардың мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыру.

Мән-жайын жан-жақты толық және объективті зерттеу. Дәлелдемелерді ішкі сенімі бойынша бағалау, куәлік айғақтар беру міндетінен босату. Білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету. Жариялылық. Қылмыстық сот ісін жүргізу әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану бостандығы.

Семинар сабағының жоспары

1 Қылымыстық іс жүргізу принциптерінің ұғымы мен маңызы.

2 Қылмыстық сот ісін жүргізу принциптерінің жүйесі.

3 Қылмыстық іс жүргізу принциптері мен міндеттері арасындағы қарым қатынас.

4 Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген қылмыстық іс жүргізудің принциптері.

5 Мәселелрді шешу.

Қылмыстық ізге түсудің түсінігі мен мазмұны. Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырудың жалпы шарттары. Қылмыстық ізге түсудің нысандары. Жеке, жеке жариялы және жариялы істер бойынша ізге түсу және айыптау.

Жариялық және диспозитивтік принциптері.

Қылмыстық ізге түсуді болдырмайтын жағдайлар. Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар. Жәбірленушімен бітісуі және келтірілген залалды өтеу арқылы қылмыстық істі қысқарту.

Қылмыстық ізгк түсу органдары және олардың өкілеттіктері. Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту және қылмыстық істі қысқарту туралы қаулыны шығару бойынша қылмыстық ізге түсу органдары мен соттың міндеттері.

Семинар сабағының жоспары

- 1 Қылмыстық ізге түсудің түсінігі мен мазмұны.
- 2 Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырудың жалпы шарттары.
- 3 Қылмыстық ізге түсудің нысандары.
- 4 Жеке, жеке жариялы және жариялы істер бойынша ізге түсу және айыптау.
- 5 Жариялық және диспозитивтік принциптері.
- 6 Қылмыстық ізгк түсу органдары және олардың өкілеттіктері.
- 7 Мәселелрді шешу.

5-тақырып Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың ұғымы, олардың жіктелуі. Қылмыстық іс жүргізу қатысушылары мен субъектілері түсініктерінің ара қатынасы.

Сот қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асырушы мемлекеттік орган ретінде. Қылмыстық іс жүргізудегі прокурор, оның іс жүргізу жағдайы мен өкілеттіктері. Тергеуші, оның іс жүргізу жағдайы. Тергеу бөлімінің бастығы, оның іс жүргізу жағдайы. Анықтау органы, түрлері, міндеттері және өкілеттіктері. Анықтаушы, оның іс жүргізушілік жағдайы. Анықтау органының бастығы, іс жүргізушілік жағдайы.

Өзінің және басқалардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын қылмытсық іс жүргізу қатысушылары. Қылмыстың жасалуына сезікті: түсінігі, іс жүргізу жағдайы. Айыпталушы: түсінігі, іс жүргізу жағдайы.

Жәбірленуші: оның іс жүргізу жағдайы. Жеке айыптаушы, оның іс жүргізушілік жағдайы.

Азаматтық талапкер, оның іс жүргізу құқықтары мен міндеттері. Азаматтық жауапкер, оның іс жүргізу құқықтары мен міндеттері. Азаматтық жауапкер ретінде таныла алатын тұлғалар.

Қорғаушы, оның өкілеттіктері және қылмыстық іс жүргізуге қатысу міндеттері. Қорғаушы ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуіне қатыса алатын тұлғалар. Қорғаушыны шақыру, тағайындау, ауыстыру, оның еңбегіне ақы төлеу.

Кәмелетке толмаған сезіктігнің, айыптаушының заңды өкілдері. Жәбірленушінің, азаматтық талапкер мен жеке айыптаушының өкілдері. Азаматтық жауапкердің өкілдері.

Қылмыстық іс жүргізудегі басқа да тұлғалар: түсінігі, түрлері, маңызы.
Куәнің іс жүргізу жағдайы.

Семинар сабағының жоспары

- 1 Қылмыстық процеске қатысушылар түсінігі, олардың топтастырылуы
- 2 Қылмыстық процесті қатысушылары мен субъектілеріні түсініктеріні байланысы.
- 3 Сот қылмыстық сот өндірісін жүзеге асырушы мемлекеттік орган ретінде.
- 4 Қылмыстық процестегі прокурор, оның мәселелері.
- 5 Мәселелрді шешу.

6-тақырып Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу

Өзара іс әрекет етудің іс жүргізушілік нысандары. Өзара әрекет етудің ұйымдастырушылық нысаны. Тергеушінің қоғамдастықпен өзара әрекет етуі. Тергеушінің сарапшылық бөлімшелермен өзара әрекет етуі.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу түсінігі. Алдын ала тергеуді тоқтата тұру. Аладын ала тергеуді тоқтата тұру шарттары. Алдын ала тергеуді тоқтатқаннан кейін тергеуші әрекеттері. Айыпталушыны іздестіру. Тоқтата тұрған алдын ала тергеуді қайта бастау.

Қылмыстық істерді біріктіру. Қылмыстық істерді бөлектеу. Қылмыстық істерді қысқарту. Қылмыстық іс қысқартылғаннан кейін тергушінің іс әрекеті. Қылмыстық істі қысқарту туралы қаулыға шағым беру.

Іс жүргізу мерзімінің түсінігі. Іс жүргізу мерзімдерін есептеу тәртіптері. Іс жүргізу мерзімдерін сақтау мен ұзарту. Өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру.

Семинар сабағының жоспары

- 1 Өзара іс әрекет етудің іс жүргізушілік нысандары.
- 2 Өзара әрекет етудің ұйымдастырушылық нысаны.
- 3 Тергеушінің қоғамдастықпен өзара әрекет етуі.
- 4 Тергеушінің сарапшылық бөлімшелермен өзара әрекет етуі.
- 5 Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу түсінігі.
- 6 Алдын ала тергеуді тоқтата тұру.
- 7 Қылмыстық істерді біріктіру. Қылмыстық істерді бөлектеу.
- 8 Іс жүргізу мерзімінің түсінігі.
- 9 Мәселелрді шешу.

7-тақырып Қылмыстық іс жүргізудегі мүліктік мәселелер. Іс жүргізу мерзімдері

Қылмыстық іс жүргізудегі қаралатын азаматтық талаптардың пәні, оны ұсынудың негіздері және іс жүргізу тәртіптері. Қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талаптың құқықтық негізі. Азаматтық талапкер ретінде тану. Зиянды өтеудің негіздері, шарттары, мөлшері және тәсілі туралы ережелерді қолдну.

Айыптау және ақтау үкімдерін тағайындағанда, қылмыстық істі қысқартқан жағдайда азаматтық талапты шешу. Азаматтық талап бөлігінде соттың үкімі мен қаулысын орындау.

Қылмыстық іс бойынша өндіріс барысында кеткен шығындарды өтеу мен кеңбек ақы төлеу.

Қорғаушының заң көмегіне ақы төлеу, аудармашыға, маманға, сарапшыға ақы төлеу. Жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге және олардың заңды өкілдеріне, жеке айыптаушының қорғаушысына және өкіліне, куәгерге, аудармашыға, маманға, сарапшыға, куәға шығындарды өтеу.

Іс жүргізу шығындары: түсінігі, түрлері. Іс жүргізу шығындарын өндіріп алу негіздері мен түрлері. Іс жүргізу шығындарын өтеудің негіздері мен өндіру тәртіптері.

Іс жүргізудегі мерзімдерінің ұғымы, маңызы және түрлері. Іс жүргізу мерзімдерін санау тәртібі. Іс жүргізу мерзімдерін ұзарту мен қалпына келтіру тәртібі. Қылмыстық іс жүргізудегі мерзімдерді өткізіп алудың іс жүргізу құқықтық салдары.

Семинар сабағының жоспары

- 1 Қылмыстық істі біріктірудің мағынасы мен мәні.
- 2 Қылмыстық іздерді біріктірудің негізі, шарттары сондай-ақ іс жүргізу тәртібі.
- 3 Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу түсінігі.
- 4 Қылмыстық істі тоқтатудың түсінігі және мәні.
- 5 Іс жүргізу мерзімдері түсінігі
- 6 Іс жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібі.
- 7 Қылмыстық процестегі мерзімді өткізіп алудың іс жүргізу-құқықтық салдары.

Әдебиеттер [1,4,6,8,33,48,51,59]

8-тақырып Ақтау. Қылмыстық іс жүргізуді жүргізуші органның заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу

Қылмыстық іс жүргізу құқығындағы ақтаудың ұғымы мен маңызы. Ақталуға жататын тұлғалар. Ақтау негіздері.

Қылмыстық іс жүргізуді жүзеге асыратын органның заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтетін алуға құқығы бар тұлғалар. Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс әрекеттері арқылы азаматқа келтірілген зиянның түсінігі, мен түрлері. Өтелуге жататын зиян, оның трлері мен мөлшері.

Зиянды өтеу құқығын тану. Мүліктік зиянды өтеудің іс жүргізу тәртібі. Моральдік зиян зардаптарын жою.

Азаматтар мен заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу тәртібі, ақталушының бұзылған құқықтарды қалпына келтіру.

Семинар сабағының жоспары

1 Айыпталушы (сезікті) ретінде тартылған адамды кінәсіз деп тану жолымен ақтау.

2 Зиянды өтеттіруге құқылы тұлғалар.

3 Зиянды өтеттіру құқығын тану.

4 Азаматтар мен заңды тұлғаларға зиянды өтеттіру.

5 Мәселелерді шешу.

Әдебиеттер [1,4,6,9,62,65]

9-тақырып Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. 5 шілде 2000 жылғы «Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Мемлекеттік қорғауға жататын тұлғалар. Қауіпсіздік шаралар түрлері.

Сот талқылауына қатысатын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Судьялар, прокурорлар, тергеушілер, анықтаушылар, қорғаушылар, мамандар, сарапшылар, сот приставтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қылмыстық процеске қатысушы жәбірленушілердің, куәлердің, айыпталушылардың және басқа да тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру. Қауіпсіздік шаралары. Сот талқылауына қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Семинар сабағының жоспары

1 Сот талқылауына қатысатын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

2 Судьялар, прокурорлар, тергеушілер, анықтаушылар, қорғаушылар, мамандар, сарапшылар, сот приставтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

3 Қылмыстық процеске қатысушы жәбірленушілердің, куәлердің, айыпталушылардың және басқа да тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру.

4 Мәселелерді шешу.

10-тақырып Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысу мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайлар. Қарсылық білдіру және өтініш жасау

Қылмыстық іс жүргізуге қатысудың шеттеуге өтініші жасау және қарсылық білдіру. Қылмыстық іс жүргізуге қатысудан босату. Судьяға қарсылық білдіру. Прокурорға қарсылық білдіру. Тергеуші мен анықтаушыға қарсылық білдіру. Куәгерге қарсылық білдіру. Сот отырысы хатшысы мен сот приставына қарсылық білдіру. Аудармашы мен маманға қарсылық білдіру. Сарапшыға қарсылық білдіру.

Қорғаушыны, жәбірленуші өкілін, азаматтық талапкерді немесе азаматтық жауапкерді қылмыстық іс бойынша өндіріске қатысудан шеттеу.

Қылмыстық іс жүргізу қатысушы ретінде тану құқығы, құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және олардың мүмкіндіктерін қылмыстық іс жүргізуді жүзеге асыратын органдардың қамтамасыз етуі.

Өтініш. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асырушы мемлекеттік органдарының және лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттеріне шағындану. Ұстауға немесе қамауға алынған тұлғалардың шағым беру тәртібі.

Шағым беру мерзімдері. Шешімдерді орындауды шағым берілуіне байланысты тоқтата тұру. Прокурор шешіміне шағымды сотта қарау тәртібі.

Семинар сабағының жоспары

1 Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудың мүмкіндігін жоққа шығаруға қарсылық білдіру және өтініш білдіру.

2 Қылмыстық процеске қатысудан босату туралы.

3 Судьяға қарсылық білдіру. Прокурорға қарсылық білдіру. Тергеушіге анықтаушыға қарсылық білдіру. Куәгерге қарсылық білдіру. Сот отырысының хатшысы мен сотты приставына қарсылық білдіру. Аудармашы мен маманға қарсылық білдіру

4 Қылмыстық іс бойынша қорғаушыны процеске қатысудан босату.

5 Мәселелерді шешу.

Бақылау сұрақтары:

1 Қылмыстық іс бойынша қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыратын судьялар және лауазымды адамдардың қатысу мүмкіндігін шеттететін негіздерін атаңыз.

2 Қылмыстық іс бойынша қай кезден бастап кім сезікті болып саналады?

3 Қорғаушы қай кезден және қандай жолмен қылмыстық процеске кіріседі?

4 қылмыстық іс бойынша қорғаушының, куәгердің, сот отырысының хатшысының және тағы басқаларының процеске қатысушылардың іс жүргізуге қатысу мүмкіндігін шеттету негіздерін атаңыз.

Әдебиеттер[1,4,6,13,20,21,22,58]

11-тақырып Қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдемелер теориясының негізгі ережелері

Дәлелдемелер ұғымы. Дәлелдемелік құқығы және оның дәлелдемелер теориясындағы орны. Дәлелдемелер теориясының методологиялық негіздері.

Таным теориясы – дәлелдемелер теориясының негізі. Қылмыстық іс бойынша ақиқаттың түсінігі, мазмұны және сипаты. Қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтаудың іс жүргізу кепілдері. Дәлелдеудегі практиканың түсінігі мен маңызы.

Дәлелдемелердің қайнар көздері. Дәлелдемелердің жіктелуі, оның теориялық және практикалық маңызы. Дәлелдемелердің қасиеттері.

Дәлелдемелердің қатыстылығы, іске жіберілуі және растығы. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеудің пәні: түсінігі, мазмұны және маңызы. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу шегінің түсінігі мен маңызы. Дәлелдеусіз анықталатын мән жайлар.

Дәлелдемелердің жіктелуі.

Дәлелдеу пәні мен шектері.

Дәлелдемелер мен жедел-іздестіру жолымен алынған іс жүргізушілік емес ақпаратпен арақатынасы.

Семинар сабағының жоспары

1 Дәлелдемелер құқығының және дәлелдемелер теориясының түсінігі және мазмұны.

2 Қылмыстық іс жүргізудегі объективті шындықтың мазмұны және сипаттамасы.

3 Дәлелдеудің мәні- шектері.

4 Дәлелдемелердің түсінігі, мәні.

5 Дәлелдемелердің жіктелуі.

6 Сарапшының қорытындысы. Заттай дәлелдемелер.

7 Дәлелдеу процесінің субъектілері.

8 Дәлелдемелер көздерінің түсінігі және түрлері.

9 Сезіктің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәгердің айғақтары.

10 Іс жүргізу әрекеттерінің хаттамалары, құжаттары.

11 Мәселелерді шешу.

Әдебиеттер [1,4,6,8,31,37,40,42]

12-тақырып Қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеудің негіздері

Дәлелдеу процесінің ұғымы мен элементтері. Дәлелдеу субъектілері. Дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бекіту. Дәлелдемелерді бағалау кезіндегі ішкі сенімнің принципін жүзеге асырудың іс жүргізу кепілдіктері.

Дәлелдеу процесінде ғылыми-техникалық құралдарды қолдану. Дәлелдеудегі жедел іздестіру қызметтерінің ролімен маңызы. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеудегі аналогиялар мен преюдициялар.

Дәлелдемелердің іс жүргізушілік қайнар көздерінің түрлері.

Куәнің жауаптары. Куәнің жауаптарының түсінігі, пәні, маңызы. Куәлік жауаптарының субъектілері. Куә ретінде жауап алуға жатпайтын тұлғалар. Куәлік иммунитет. Куәнің жауаптарының растығына әсер ететін факторлар. Куәнің жауабын бағалау мен тексеру. Куәнің жауаптарының толықтығы мен растығының іс жүргізушілік кепілдіктері.

Жәбірленушінің жауабы: түсінігі, пәні мен маңызы. Жәбірленушінің жауабының толықтығы мен растығының іс жүргізушілік кепілдіктері.

Сезіктің жауабы: түсінігі, пәні мен маңызы. Сезіктің жауабын тексеру мен бағалау. Сезіктің жауабының толықтығы мен растығының іс жүргізушілік кепілдіктері.

Айыпталушының жауабы: түсінігі, пәні мен маңызы. Жауап беру кезіндегі айыпталушының құқығы. Айыпталушының жауабын тексеру. Айыпталушының жауабын бағалау. Өзін өзіне қатысты жалған жауап беру. Басқа біреуге қатысты жалған жауап беру.

Сарапшының қорытындысы: түсінігі, объектілері мен маңызы. Сараптаманы тағайындаудың негізі мен тәртіптері. Сарапшының қорытындысының тергеу әрекеттеріне қатысуы үшін шақырылған маманның ұсынысы мен түсіндірмесінен айырмашылығы. Сарапшы қорытындысының түрлері. Сараптамалық зерттеудің шегі. Сарапшы қорытындысының мазмұны мен құрылысы. Сарапшы қорытындысын бағалау.

Заттай дәлелдемелер: түсінігі, іс жүргізушілік негізі, түрлері мен маңызы. Заттай дәлелдемелерді жинау тәсілдері. Заттай дәлелдемелерді тексеру мен бағалау. Заттай дәлелдемелерді сақтау. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде заттай дәлелдемелер туралы мәселені шешу. Заттай дәлелдемелердің растығының іс жүргізушілік кепілдіктері.

Іс жүргізу әрекеттерінің хаттамалары: түсінігі, құрылысы, маңызы. Тергеу және сот әрекеттерінің хаттамаларын бағалау.

Құжаттар: түсінігі, түрлері, маңызы. Дәлелдемелердің дербес қайнар көзі ретінде құжаттардың құжат-заттай дәлелдемелерден айырмашылығы. Құжаттарды жинау, тексеру мен бағалау тәсілдері.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қолданылатын фонограммалардың, фотосуреттердің, киноленталардың, диапозиттердің видеожазбалардың, үлгілердің, жоспарлардың, схемалардың және басқа да көріністердің дәлелдемелік маңызы.

Семинар сабағының жоспары

- 1 Дәлелдеу процесі және оның мазмұны.
- 2 Дәлелдемелерді жинау.
- 3 Дәлелдемелерді бекіту
- 4 Дәлелдемелерді зерттеу
- 5 Дәлелдемелерді бағалау.
- 6 Қылмыстық іс бойынша дәлелдемеде жедел іздестіру қызметінің нәтижелерін пайдалану.
- 7 Преюдиция
- 8 Мәселелерді шешу.

Бақылау сурақтары:

- 1 Дәлелдемелерді бағалау негізіне не салынған?
- 2 Алдын ала тергеудегі дәлелдемелерді бағалаудан сот талқылауындағы дәлелдемелер бағалауының айырмашылығы қандай?
- 3 Айыпталушыны, қорғаушының, жәбірленушінің дәлелдеуге қатысуы неде?
- 4 Қылмыстық іс жүргізу кодексі қарастыратын дәлелдемелердің қайнар көздеріні түрлері қандай?
- 5 Преюдиция мәні неде?

- 6 Қорғаушының айғақтарынан айырмашылығы неде?
- 7 Айыпталушы және сезіктінің айғақ беруге құқығы қандай?
- 8 Айыпталушының айғақтарының қамқоршы спецификасы неде?
- 9 Сараптама тағайындау жағдайлары қандай?
- 10 Заттай дәлелдемелерді түрлерін атаңыз?
- 11 Заттай дәлелдемелердің құжаттардан айырмашылығы неде?

Әдебиеттер[1,4,6,8,31,37,40,42]

13-тақырып Қылмыстық іс-жүргізушілік мәжбүрлеу институты

Қылмыстық іс жүргізудегі қылмыстық іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларының түсінігі мен маңызы. Қылмыстық іс жүргізушілік реттеу механизміндегі сендіру, мәжбүрлеу және жауапкершілік мәселелері.

Қылмыстық іс жүргізушілік мәжбүрлеуді қолданудың құқықтық және гуманитарлық мәселелері.

Қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеуге ұшыраған тұлғаның құқықтық жағдайы.

Іс жүргізушілік мәжбүрлеу құралдарын қолданудың жалпы шарттары, жүйесі және механизмі.

Қылмыстық іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларының түрлері, олардың қолдану мақсаттары.

Қылмыстық іс жүргізудің кейбір субъектілеріне қатысты қылмыстық іс жүргізушілік мәжбүрлеуді қолданудың ерекшеліктері.

Қылмыс жасаған тұлғаны сезікті ретінде ұстаудың негізі, жағдайы мен мерзімдері. Қылмыс жасаған тұлғаны ұстау кезіндегі азаматтардың құқықтары. Қылмыс жасалуына сезікті тұлғаны ұстау тәртіптері. Ұсталған адамды жеке тінту.

Қылмыс жасалуына ұсталған сезікті тұлғаны босату негіздері. Қылмыстың жасалуына ұсталғанды қамауға алу негіздері.

Бұлтартпау шаралары: түсінігі, негізі, маңызы. Бұлтартпау шараларын қолданудың заңдылығы мен негізділігінің конституциялық кепілдіктері.

Бұлтартпау шараларын қолдану кезінде ескерілген мән-жайлар. Сезіктіге қатысты бұлтартпау шараларын қолдану тәртіптері.

Бұлтартпау шараларының түрлері. Ешқайда кетпеу және өзін өзі дұрыс ұстау туралы қолхат алдыру. Осы бұлтартпау шарасын қолдану кезінде айыпталушыға қатысты міндеттері.

Жеке кепілдік және оны қолданудың жағдайлары. Кепіл берушінің құқықтары мен міндеттері. Ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау тураы қолхатты бұзудың салдары.

Жеке кепілдік және оны қолданудың жағдайлары. Кепіл берушінің құқықтары мен міндеттері. Өкіл берушінің өзінің міндеттерін орындамаудың салдары. Әскери бөлім командованияесінің әскери қызметшілерін бақылау: мәні, жағдайлары және оны қолданудың іс жүргізушілік тәртібі.

Кәмелетке толмағандаы қарауға беру: түсінігі, жағдайы мен оны қолданудың іс жүргізушілік жағдайы.

Кепіл: мәні, жағдайы мен оны қолданудың іс жүргізу тәртібі. Қылмыстық іс жүргізуді жүргізетін органның шақыруына сезікті, айыпталушының келмеуі салдары.

Үйде қамап ұстау: түсінігі, жағдайы мен оны қолданудың іс жүргізушілік іс жағдайы.

Қамауға алу: түсінігі, жағдайы және оны қолданудың іс жүргізушілік жағдайы. Қамауға алудың мерзімі және алдын ала тергеу мен сот талқылау сатысында оны ұзартудың тәртібі. Қамауға алынған тұлғаларды ұстау тәртіптері. Мүлікті қамқорлыққа алуына мен қарауға алуға құқығы болуы. Прокурордың қамауға алу санкциясын және қамауға алу мерзімін ұзартуды сотқа шағымданудың негізі мен іс жүргізушілік жағдайы.

Бұлтартпау шараларын өзгерту мен жою негіздері.

Басқа іс жүргізушілік мәжбүрлеу шаралары, олардың түрлері. Анықтаушыға, тергеушіге, сотқа келу міндеттемесі. Қызметтен уақытша босату. Ақша өндіріп алу. Мүлікке тыйым салу.

Семинар сабағының жоспары

- 1 Қылмыстық процестегі мәжбүрлеу шараларының түсінігі, мәні.
- 2 Қылмыстық процестегі мәжбүрлеу шараларының түрлері.
- 3 Қылмыстық процестегі мәжбүрлеу шараларының түсінігі, мәні.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Қылмыстық процестегі мәжбүрлеу шараларының басқа мемлекеттік мәжбүрлеу шаралаына айырмасы неде?
- 2 Қылмыстық процестің қандай қатысушыларына және қандай жағдайларда мәжбүрлеу шаралары қолданылады?
- 3 Бұлтартпау шараларын тағайындаған кезде қандай жағдайлар ескерілуі керек?
- 4 Бұлтартпау шараларын қолдану кезіндегі заңдылық және негізділік кепілдерін атаңыз.
- 5 Бұлтартпау шараларын тағайындау кезіндегі факультативтіліктің мәні неде?
- 6 Жасалған қылмыстың ауырлығына байланысты ҚАК-мен тағайындалған айыппұл мөлшері?
- 7 Заң кәмелетке толмағандарға қатысты қандай бұлтартпау шараларын көздеген?
- 8 Сезіктіні ұстаудан айыпталушыны қамауға алудың айырмашылығы неде?
- 9 Қандай жағдайда үйде қамап ұстау тағайындалады?
- 10 Келуге міндеттің мәні неде?

Әдебиеттер [1,4,6,8,10,33,34,35,46,47]

ЕРЕКШЕ БӨЛІМІ

14-тақырып Қылмыстық істі қозғау сатысы

Қылмыстық істі қозғау сатысының мазмұны. Қылмыстық істі қозғау – дербес саты ретінде. Қылмыстық істі қозғау сатысының түсінігі, міндеттері мен маңызы. Қылмыстық істі қозғау субъектілері. Қылмыстық істі қозғаудың себептері мен негіздері. Қылмыс туралы хабарлар мен арыздарды дайындау және қарау міндеттілігі. Қылмыс туралы хабарлар мен арыздарды қарау мерзімдері.

Қылмыс туралы хабарлар мен арыздарды қарау нәтижесінде қабылданатын шешімдер.

Қылмыстық іс қозғау субъектілері. Қылмыстық істі қозғаудың заңдылығына прокурорлық қадағалау.

Қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды алдын ала тексеру: әдістері мен шегі. Қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қарау кезінде шығарылатын шешімдер. Қылмыстық істі қозғау тәртібі. Қылмыстық істі қозғау туралы қаулы: нысаны мен мазмұны. Жеке айыптау және жеке жариялы айыптау істері бойынша қылмыстық істі қозғау ерекшеліктері. Қылмыстық істі қозғаудан бас тартудың негіздері. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді болдырғызбайтын мән жайлар. Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы: нысаны мен мазмұны.

Қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды тергелу реті мен соттылығы бойынша жіберу. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейінгі қылмыстық ізге түсу органдарының іс әрекеттері.

Қылмыстық істі қозғаудың заңдылығына прокурордың қадағалауы.

Семинар сабағының жоспары

1 Қылмыстық істі қозғау сатыларының түсінігі, мәселелері, мәні және мағынасы.

2 Қылмыстық іс қозғауға себептер мен негіздер. Қылмыстық істі қозғауға мүдделі органдар және лауазымды адамдар.

3 Қылмыс туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау міндеттілігі. Қылмыс туралы арыздар мен хабарламаларды қараудың міндеттілігі.

4 Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар.

5 Қылмыстық істі қозғау кезіндегі қозғаудың іс жүргізу тәртібі және бас тарту тәртібі.

6 Прокурордың қылмыстық іс қозғаудың заңды болуын қадағалау.

7 Мәселелерді шешу.

Бақылау сұрақтары:

1 Жасырын арыз қылмыстық істі қозғау үшін негіз бола алады ма?

2 Қылмыс туралы арыздарды және хабарламаларды мерзімдері және тіркеу тәртібі қандай?

3 Қылмыс туралы арыздар мен хабарламаларды алдын ала тексерудің шектері және әдістері қандай?

4 Неге сот заңмен қылмыстық істі қозғауға мүдделі субъектілеріне жатқызылмаған?

5 Қылмыстық істі қозғаудан бас тартуға шағымдану тәртібі қалай болады?

6 Прокурордың қылмыстық іс қозғаудың заңды болуын қадағалауын мүдделерін атаңыз?

7 Жеке арыздар бойынша судьялардың қабылдайтын шешімдер түрін атаңыз?

Әдебиеттер [1,3,7,9,12,14,33,51,62]

15-тақырып Алдын-ала тергеу жүргізудің жалпы шарттары

Алдын-ала тергеудің түсінігі мен маңызы. Алдын-ала тергеу қылмыстық іс жүргізудің дербес сатысы ретінде.

Алдын-ала тергеудің түрлері. Анықтау мен алдын-ала тергеу, олардың қарым қатынастары.

Алдын-ала тергеудің түсінігі, мазмұны мен міндеттері.

Алдын-ала тергеу міндеттілігі. Тергелу ретінің түсінігі мен түрлері. Алдын-ала тергеу жүргізудің басталуы, аяқталуы мен орны. Алдын-ала тергеу мерзімі, оны ұзарту тәртібі. Прокурордың алдын ала тергеу барысындағы өкілеттіктері. Анықтау мен алдын ала тергеу органдары үшін прокурордың нұсқауларының міндеттілігі.

Алдын-ала тергеуді тергеушілер тобымен жүргізу. Тергеу тобының жетекшісінің өкілеттіктері.

Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы шарттары. Алдын-ала тергеу кезінде шығарылатын қаулылар.

Алдын-ала тергеу міндетті істер бойынша анықтау органдарының іс-әрекеті.

Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы ережелері. Алдын-ала тергеу кезінде шығарылатын қаулылар.

Алдын-ала тергеу міндетті істер бойынша анықтау органдарының іс-әрекеті. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы ережелері. Алдын-ала тергеу барысында шығарылатын қаулылар. Тергеу әрекеттерінің хаттамалары: мазмұны және оларды рәсімдеудің тәртіптері.

Қылмыстық іс жүргізудегі анықтаудың түсінігі, міндеттері мен түрлері.

Тергеушінің анықтау органдарымен өзара іс-қимыл жасаудың түсінігі, оның қылмыстық іс жүргізу нысандары.

Алдын ала тергеу міндетті істер бойынша анықтау органдарының қызметтері. Кідірілмейтін тергеу іс әрекеттерінің түсінігі, оларды анықтау органдары жүргізетін мерзімдері. Қылмыс жасаған тұлғаны анықтау бойынша жедел шараларын жүргізу барысындағы анықтау органдарының міндеттері.

Алдын ала тергеу міндетті емес істер бойынша анықтау жүргізудің тәртібі, жағдайы мен мерзімдері. Анықтау барысында дәлелденуге жататын мән-жайлар.

Айыптау хаттамасына қойылатын талаптар. Айыптау хаттамасын жасау және оны істі сотқа жіберу үшін прокурорға бағыттау. Істер бойынша анықтау органының бастығы мен прокурордың қабылдайтын шешімдері. Жеделтілген

анықтау істері бойынша алдын ала тергеуді жүргізу. Анықтаудың заңдылығы бойынша поолкурордың өкілеттіктері.

Анықтау мен алдын ала тергеудің мәліметтерін жария етпеу.

№ 1 Семинар сабағының жоспары

- 1 Алдын-ала тергеуді түсінігі, мағынасы, мәні және мәселелері
- 2 Алдын ала тергеудің жүйесі.
- 3 Алдын ала тергеудің түрлері.
- 4 Алдын ала тергеу-қылмыстық істерді тергеудің негізгі түрі.
- 5 Анықтау түсінігі және түрлері.Оның сипаттамасы.
- 6 Мәселелерді шешу.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Алдын ала тергеудің басқа қылмыстық процесс деңгейлерімен байланысы қандай?
- 2 Тергеушінің іс жүргізу еркіндігі неде?
- 3 Тергеушінің іс жүргізу еркіндігінің, прокурордың іс жүргізу жетекшілігінің және тергеу бөліміні бастығының бақылауының өзара байланыстарына анализ?
- 4 Іс бойынша іс жүргізу мерзімдері?
- 5 Тергеушінің анықтау органымен байланысының түрлерін атаңыз?

№ 2 Семинар сабағының жоспары

- 1 Алдын ала тергеу жүргізудің жалпы шарттарының түсінігі және мәні.
- 2 Алдын ала тергеу жүргізудің басы,орны және оның аяқталу міндеттілігі
- 3 Тергеу үсі түсінігі және оның түрлері.
- 4 Тергеу тобымен жүргізілетін алдын ала тергеу.
- 5 Қылмыстық істерді біріктіру негіздері және тәртібі.
- 6 Алдын ала тергеудің заң негізінде жүргізілуін прокурорлық қадағалау
- 7 Мәселелерді шешу.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Алдын ала тергеуді жалпы шарттары және қылмыстық процесс қағидаларының байланысы қандай?
- 2 Тергеу іс-әрекеттер хаттамаларына,қаулыларына қандай талаптар қойылады?

16-тақырып Айыпталушы ретінде жауапқа тарту

Айыптаушы ретінде жауапқа тарту: ұғымы, мазмұны мен маңызы. Айыпталушы ретінде тұлғаны жауапқа тартудың іс жүргізу тәртіптері. Тұлғаны айыпталушы ретінде тұлғаны жауапқа тарту туралы қаулы мазмұны мен нысаны. Дәлелдемелердің жеткіліктілігінің түсінігі.

Айыпталушыдан жауап алу. Айыпталушыны шақыру мен одан жауап алу тәртібі. Айыпталушының келу міндеттілігі. Айып тағудың іс жүргізу тәртібі. Айыпталушыдан жауап алудың пәні. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту: түсінігі, маңызы. Айыпталушы ретінде жауапқа тартудың негізі мен тәртібі: айыпталушының келу міндеттілігі, айып тағу. Айыпты өзгерту мен толықтыру. Айып тағу бөлігінде қылмыстық ізге түсу қысқарту. Айыпталушының өз өркімен айғақ беру кепілдері. Айыпталушыдан жауап алу хаттамасы.

Бұрын тағылған айыпты өзгерту мен толықтырудың негізі мен тәртібі. Айып тағу бөлігінде қылмыстық ізге түсу қысқарту. Айыпталушының өз өркімен айғақ беру кепілдері. Айыпталушыдан жауап алу хаттамасы.

Бұрын тағылағн айыпты өзгерту мен толықтырудың негізі мен тәртібі. Айыптағу бөлігінде қылмыстық ізге түсуді қысқарту.

Семинар сұрақтарының жоспары

- 1 Айыпталушыны сотқа берудің мағынасы, мәні мақсаты.
- 2 Айыпталушыны сотқа беруде прокурорға рұқсат берілетін сұрақтар.
- 3 Айыпталушының сотқа беру кезінде прокурордың қабылдайтын шешімі. Істі сотқа жібергеннен кейінгі прокурордың әрекеті.
- 4 Соттылықтың түсінігі мәні. Соттылық түрлері.
- 5 Қазақстан Республикасындағы соттар жүйесі.
- 6 Қазақстан Республикасындағы соттардың қызметі.
- 7 Соттылық туралы дауларды шешу.
- 8 Есеп шығару.

Бақылау сұрақтары

- 1 Прокурор қандай мерзім аралығында сотқа беру туралы сұрақты шешу қажет.
- 2 Прокурордың сотқа беруі қылмыстық іс жүргізудің жеке сатысы болып табылады ма?
- 3 Айыпталушыны сотқа беру туралы қаулыда не көрсетілуі қажет?
- 4 Қылмыстық істің соттылығы кіммен және қалай белгіленеді.
- 5 Соттылықтың персоналдық белгісі, заң мен сот алдында барлығының теңдігі принципіне негізделе ме?
- 6 Қандай жағдайларда бір соттап екінші сотқа беруге рұқсат етіледі.
- 7 Соттылыққа байланысты дауларды заң неге жоққа шығарады.
- 8 ҚР ҚІЖК 125б 2т қортындылаңыз.

Әдебиеттер [1,3,7,9,51,52,59,60,61,62]

17-тақырып Алдын-ала тергеу сатысындағы тергеу іс-әрекеттері

Тергеу әрекеттерінің түсінігі, олардың жүйесі. Тергеу әрекеттерінің мазмұны мен құрылысы. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдарды қолдану. Тергеу әрекеттері дәлелдемелерді жинаудың басты тәсілі ретінде.

Тергеу әрекеттерінің түрлері. Жауап алу. Жауап алуға шақыру тәртібі. Жауап алудың орны мен уақыты. Жауап алудың жалпы шарттары. Куә мен жәбірленушіден жауап алу. Кәмелетке толмаған куә мен жәбірленушіден жауап алу ерекшеліктері. Жауап алу хаттамасын рәсімдеуге қойылатын талаптар. Жауап алу кезінде дыбыс және видео жазбаларды қолдану.

Беттестіру: түсінігі, мақсаттары мен оны жүргізудің іс жүргізушілік тәртібі. Беттестіруді іс жүргізушілік тәртіппен рәсімдеу.

Қарау: түсінігі, түрлері негіздері және жүргізудің іс жүргізудің іс жүргізушілік тәртібі. Қарауды жүргізудің жалпы шарттары. Қарауға қатысатын тұлғалар. Заттай дәлелдемелерді қарау мен сақтау. Адамның мәйітін қарау. Қарау хаттамасы.

Эксперттің сараптамасы: түсінігі, негіздері және іс жүргізудің іс жүргізушілік тәртібі. Эксперттің сараптамасын жүргізудің өнегелік негіздері. Эксперттің сараптамасын хаттамасы.

Куәландыру: түсінігі, түрлері және жүргізудің іс жүргізушілік тәртібі. Куәландыруға маманның қатысуы. Куәландыру кезінде тұлғалардың құқықтарының кепілдіктері. Куәландыру хаттамасы.

Танытуға ұсыну: түсінігі, түрлері, жағдайлары мен жүргізудің іс жүргізушілік жағдайы. Танытуға іс жүргізушілік тәртіппен рәсімдеу.

Тінту мен алу. Тінтудің алудан ерекшелігі. Тінту мен алуды жүргізудің негіздері мен іс жүргізушілік тәртіптері. Тінту мен алудың түрлері. Жеке тінту. Тінту мен алуды іс жүргізушілік тәртіппен рәсімдеу.

Почта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау, оларды қарау мен алу: негіздері мен жүргізудің іс жүргізушілік жағдайы. Почта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындаудың іс жүргізушілік жағдайы, оларды қарау мен алу.

Хабарларды жол жөнекей ұстау: негіздері, жағдайлары және жүргізудің іс жүргізушілік тәртібі. Маманның қатысуы. Хабарды жол жөнекей ұстауды іс жүргізушілік рәсімдеу.

Сөйлесулерді тыңдау мен жазу: негіздері, жағдайлары және жүргізудің іс жүргізушілік тәртібі. Сөйлесулерді тыңдау мен жазуды іс жүргізушілік рәсімдеу, сонымен бірге телефон және басқа да тыңдау құралдары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау мен жазу.

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау: түсінігі, міндеттері, негіздері мен жүргізудің іс жүргізушілік тәртібі. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау хаттамасы.

Тергеу эксперименті: түсінігі, түрлері, міндеттері, негіздері және жүргізудің іс жүргізушілік тәртібі. Тергеу экспериментінің хаттамасы. Тергеу экспериментінің айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың айырмашылығы.

Сот сараптамасы: түсінігі, негіздері және оны тағайындау мен жүргізудің іс жүргізушілік тәртібі. Сараптаманы міндетті түрде тағайындау. Сот сараптамасын жүргізуі тапсырылуы мүмкін тұлғалар. Сараптама түрлері: жеке

сарапшының сараптаманы өзі жүргізуі, комиссиялық, кешенді, қосымша және қайталама сараптамалар.

Сараптама жүргізуі үшін тұлғаны медициналық мекемеге орналастыру. Сарапшыдан жауап алу. Сезіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге, куәға сарапшының қорытындысын ұсыну.

Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу: негіздері мен іс жүргізушілік тәртібі. Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алуға рұқсат берілетін тұлғалар. Тергеушінің, анықтаушының, сарапшының, дәрігердің және басқа да мамандардың сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу тәртіптері. Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу кезінде тұлғалардың құқықтарын қорғау. Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алуды іс жүргізушілік тәртіппен рәсімдеу.

№ 1 Семинар сұрақтарының жоспары

- 1 Өндірістік тергеу түсінігі, түрлері және жалпы ережелері
- 2 Өндірістік тергеу әрекетіндегі НТС қолданылуы
- 3 Айыпталушы тұлғаның жауапкершілікке тартудың түсінігі, мәні және негізгі іс жүргізудің реті.
- 4 Айыптаушыдан жауап алу.
- 5 Айыптауға өзгертулер мен толықтырулар енгізу.
- 6 Жауап алу. Өндірістік жауап алудың жалпы ережелері.
- 7 Беттестіру.
- 8 Өткізудің негізгі және іс жүргізу реті.
- 9 Есеп шығару.

Бақылау сұрақтары

- 1 «Тергеу әрекетіне» анықтама беріңіз және анализдеңіз.
- 2 «Тергеу әрекеті» және «жедел іздестіру әрекеті» түсініктерінің арақатынасы.
- 3 Айыпталушы тұлғаны жауаптылыққа тарту қандай әрекеттерінде құралады.
- 4 Айыпталушы ретінде тұлғаны жауаптылыққа тарту қаулыға заңмен қандай талаптар қойылады.
- 5 Айыпталушы қылмыс жасағанын дәлелдейтін дәлелдемелерді келтіру.
- 6 Тұлға айыпталушы ретіндегі «Негіздердің жеткеліктігі» деген сөзді қалай түсінуге болады.
- 7 Тұлғаны айыпталушы ретінде жауапкершілікке тартудың құқықтық салдары.
- 8 Жауап алу кезінде бейне және дыбыс жазбаларды жүргізу ретінде қолдану.
- 9 Жәбірленуші мен куәгерден жауап алудың айырмашылығы.
- 10 Жауап алуға шақыру мен кәметке толмағандар және жасөспірімдерден жауап алудың ерекшеліктері.
- 11 Айыпталушыдан жауап алудың ерекшеліктері
- 12 Жауап алу қаулысына қандай талап қойылады.

№ 2 Семинар сұрақтарының жоспары

- 1 Тану түсінігі, түрі, шарттары іс жүргізу реті
- 2 Қараудың түрлері, түсінігі, негіздері.
- 3 Өндірістік қараудың іс жүргізудің реті.
- 4 Өндірістік куәландірудің түсінігі, түрлері және іс жүргізушілік реті.
- 5 Тінту және алу өндірісінің түсінігі және негізгі іс жүргізу реті. Тінту мен алудың айырмашылығы.
- 6 Пошталық-телеграфтық корреспонденцияға тыйым салудың негізі және іс жүргізу реті.
- 7 Сөйлемдерді жазу және таңдау өндірісінің ерекшелігі және өндірістік реті.
- 8 Есеп шығару.

Бақылау сұрақтары

- 1 Қандай заттар тануға жатпайды.
- 2 Қандай жағдайлардан тануға жатпайды.
- 3 Тергеудегі тану мен медициналық танудың ерекшелігі.
- 4 Мәйітті эгзгумациялау қандай жағдайда және қандай ретте жүргізіледі.
- 5 Қандай жағдайларда тану жүргізуге маман қажет етіледі.
- 6 Жеке тінту немен ерекшеленеді.

№ 3 Семинар сұрақтарының

- 1 Орында жауап беруді тексеру және нақтылау. Өндірісінің негізі және іс жүргізу реті.
- 2 Өндірістік тергеу экспериментінің түсінігі, негізі және қолданудың іс жүргізушілік реті. Тергеу экспериментінің түрлері.
- 3 Өндірістік сараптаманың негізі және қолдануының іс жүргізушілік реті.
- 4 Өндірістік сараптама тағайындау кезіндегі айыптаушының құқығы.
- 5 Салыстырмалы зерттеуге алынатын үлгілердің негізі және іс жүргізушілік реті.
- 6 Экзгумация: негізі және оны өткізудің іс жүргізушілік реті.
- 7 Куәландіру: түсінігі, түрлері, өндірісінің іс жүргізушілік реті. Куәландіру кезінде маманның қатысуы.
- 8 Есеп шығару.

Бақылау сұрақтары

- 1 Оқиғалық жағдайлардың мақсаты.
- 2 Сараптама белгілеудің негізгі ерекшеліктерін көрсетіңіз бірінші белгілі бір экспертке тапсырылатын сараптама.
- 3 Салыстырмалы зерттеуге алынатын үлгілердің қаулысында не көрсетілуі қажет
- 4 Қандай жағдайларда айыптаушы стационарлық сараптамаға жіберілуі мүмкін.

18-тақырып Алдын-ала тергеудің аяқталуы

